

Оспанов А.Т., Жалгасбаев К.Ж., Толунбеков Н.К.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті, Қазақстан


Мал шаруашалығы кәсіпорындарын жобалаудағы заманауи талаптардың маңыздылығы

Нарықтық экономикаға көшуге байланысты еліміздегі ауылшаруашылық өнімін өндірушілер мен ірі кәсіпорындардың қызметкерлері арасында экономикалық өзара қарым-қатынас структурасында біршама өзгеріс болды. Мысалы 90-жылдардың басында мал шаруашылығы кәсіпорындарының барлығы тек қана мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс жасады. Өнім мөлшері өте көп болды және дер кезінде тұтынушыларға жетіп отырды. 90-жылдардың ортасында мал өнімін дайындау жүйесі нарықтық қатынасқа көшті. Өнім тек өзара келісім жүйесі арқылы ғана өндіріліп отырды. Осыдан кейін кәсіпорындарды қайта құру немесе жаңадан жобалау қажеттілігі туындады. Қазіргі заманауи талаптарға сай мақсатты несиелеу көмегімен прогрессивті технологияны енгізу, маркетинг талаптарын орындау, нарық талабына сай өндірісті қайта құру, халықтың әртүрлі шоғырланған аймақтарына сәйкес өнімнің арнайы ассортименттерін жеткізіп отыру қажеттілігі сияқты біршама мәселелер туындады [1].

Міне осы және тағы басқа уақыт талаптарына сәйкес мал шаруашылығы кәсіпорындарын экономикалық міндеттерге сәйкес қайта жобалау міндеті қазіргі таңда кезек күттірмес негізгі мәселе болып саналады. Мал шаруашылығы кәсіпорындарының бас жоспарын жобалауды жер телімін таңдаудан бастайды, оның орналасуын шаруашылықтың дамуының келешек жоспарымен, санитарлық гигиеналық және өртке қарсы нормалармен байланыстырады. Кәсіпорынның құрылысына арналған жер телімін тегіс аумақта не болмаса тұрғын ғимараттарынан жауын сулары мен ағын суларының ағып кетуін қамтамасыз ететіндей 3-5⁰ еңкіштікпен таңдайды. Телім елді мекен құрылыстарынан, су жинайтын ғимараттардан және ветеринарлық бөлмелер мен көң жинайтын құрылыстардан төмен орналасуы қажет.

Қазіргі ауыл шаруашылығы саласы көбінесе агроөнеркәсіп кешені деп аталады. Агроөнеркәсіп кешені өте күрделі құрылым. Онда егін және мал шаруашылығының жұмыс үдерісі толық қамтылады, сонымен қатар, егін шаруашылығының да, мал шаруашылығының да өнімдері өндіріледі. Қазіргі таңда мал шаруашылығы кәсіпорындарын жобалауда оның құрылымын жаңа технологиялармен жабдықтауды және ондағы өндірілетін өнімнің сапалы болуын талап еткен тапсырмалар көп қойылып отыр [2].

Жаңадан жобаланатын мал шаруашылығы кәсіпорындарының сипаттық белгілері заманауи талаптарға байланысты мынадай байланыстарды қамтуы тиіс (1-сурет). Талдау жасайтын болсақ, заманауи талаптарға сәйкес жаңадан жобаланатын кәсіпорын құрылымындағы



1-сурет – Мал шаруашылығы кәсіпорындарының сипаттық белгілері

өндірістердің техника-экономикалық байланыстары өте тығыз болуы тиіс, сол арқылы нарық сұранысын толық қамтамасыз ете алады.

Сол сияқты кәсіпорындағы технологиялық желілердің әрбір бөлігінің даярлау жылдамдығы немесе өткізу қабілеті бір-біріне сәйкесінше пропорционал болуы қажет, мұның өзі уақытты үнемдеп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік жоғары болады. Жұмыс барысында бір технологиялық үрдістен екінші үрдіске өту үздіксіз болуы қажет және де энергетикалық жүйенің бірыңғайлығын үнемі қадағалап, қажетті норманы қамтамасыз етіп отыру қажет. Уақыт талаптары мен автоматтандыру жүйесінің нормативтеріне сәйкес басқарудың бірыңғайлығын сақтау қажет.

Жаңа кәсіпорынның жер телімін таңдағанда келесі бағыттарды ескеру керек: құрылысты, қабылданған малды не құсты күтіп бағу және азықтандыру технологиясына сай орналастыру; өндірістік процестің тасқындылығын азық тасқынының, алынатын өнімнің, қалдықтардың мейлінше аз қозғалысын қамтамасыз ете отырып, сол секілді малдың да аз қозғалуын жоспарлау керек; кәсіпорынның жер телімін аймақтарға бөлу мүмкіндігін алдын-ала қарастыру қажет: негізгі, азық дайындалатын, қоймалық, санитарлы-техникалық және әкімшілік шаруашылық болып; көнді жинақтау сақтау қоймасын өндірістік қорадан ық жағына орналастыру көзделеді; бас жоспарда өндірістік қоралардың бойлық өстерін жарықтың түсу жақтарына салыстырмалы бағыттады және негізгі желдің бағытын есепке ала отырып орналастырады, графикалық тұрғыда бұл желдердің бағыты түрінде белгіленеді; ығысудың бойлық өсін орталық аудандарда солтүстіктен оңтүстікке, оңтүстік аудандарда және солтүстік аудандарда батыстан шығысқа бағытталады (өндірістік қоралардың қысқы уақыттағы негізгі жел бағытынан ауытқуы 30^0 аспауы қажет); кәсіпорынның азық базасына салыстырмалы орналасуының қолайлы болуын, жолдың төселуін, сумен қамтамасыз ету үшін сенімді су көздерінің болуын және электрмен жабдықталуын ескеру керек.

Жаңадан жобаланатын мал шаруашылығы кәсіпорындарында малды ұстау (қолда, байлап, жайылымда және т.б.) түріне байланысты, ауыл шаруашылығындағы өсірілетін дақыл түріне байланысты, аймақтың табиғи-экономикалық жағдайына сәйкес азық даярлаудың келесідей құрылыс нұсқалары қабылданады: жеке меншік азық базасы; шаруашылықта өндірілген көк балауса, шырынды және ірі азықтар базасы; бірнеше шаруашылықтардан жиналған азық базасы және т.б.

Кәсіпорындарда ірі қараны азықтандыру процесі моноазықпен қамтамасыз етілген сияқты, құрамы байытылған азықпен ешбір қосымша кедергілерсіз қамтамасыз етілуі қатаң ескерілуі тиіс. Қолданылатын азық түріне байланысты оларды даярлайтын және сақтайтын ғимараттардың типтік жобасы да мал түрі мен мал басына, аймақтың табиғи-экономикалық жағдайына сәйкес таңдалуы тиіс.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту байланысты қойылып отырған қазіргі заманауи талаптар мен мал шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық міндеттеріне сәйкес кәсіпорынды жабдықтау да кезек күттірмес міндеттердің бірі болып отыр. Ол үшін мынадай негізгі ұйымдастыру-экономикалық қағидаларды басшылыққа алу қажет: мал шаруашылығы кәсіпорындарындағы өнім өндірушілер тек жеткізіп берушінің ғана міндетін атқармай қажет кезінде серіктестің және өз өнімін өндірушінің міндетін атқара алуы тиіс; өңдеуге қажет мал шаруашылығы өнімі (сауын блогынан жеткізілетін сүт, мал сою цехынан жеткізілетін ет және т.б.) кәсіпорын құрылымындағы өңдеу бөлімшесіне дер кезінде және қажетті көлемде жеткізілуі тиіс; кооперативті және акционерлік өңдеу кәсіпорындары шикізат қабылдау аймағын дұрыс қалыптастыру қажет; өңдеу кәсіпорындарының негізгі қағидасы шикізатты арзанға алып, дайын өнімді қымбатқа сату болуы керек; жаңадан ұйымдастырылатын мал шаруашылығы кәсіпорындары тауар өндірушілермен тиімді байланысты қамтамасыз етуі керек; мал шаруашылығы кәсіпорындарының құрылымындағы өнім өңдейтін бөлімшелердің базасында интеграцияланған құрылымы бар агрофирмалар, қаржы-өндірістік топтар, кооперативтер одағы қамтамасыз етіліп, бұрынғы базадағы ескі жабдықтарды технологиялық жаңа құрылғылармен алмастыру қажет.

Осындай талаптар негізінде ұйымдастырылған жаңа шаруашылық қана халық сұранысын қамтамасыз етіп, нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті де толық қамтамасыз ете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ораевская Г.А. Анализ хозяйственной деятельности сельскохозяйственных предприятий. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 396 с.
2. Алимарданова М.К. Проектирование предприятий молочной промышленности: учеб. пособие / МОН РК. – Алматы: Альманах, 2017. – 315 с.